



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

№ 14 Б А С П А С ө З Р Е Л И З І

2006 жылғы 29 мамыр

**Ең аз резервтік талаптар және ең аз резервтік
талаптардың нормативтерін белгілеу туралы
ережені бекіту туралы**

1. Ең аз резервтік талаптар туралы ережені бекіту туралы. Инфляциялық қысымның өсуі жағдайында ақша-кредит саясатын қатаңдандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2006 жылғы № 38 қаулысымен «Ең аз резервтік талаптар туралы ереже» (бұдан әрі - Ереже) бекітілді.

Жаңа Ереже міндеттемелердің құрылымына қатысты бөлігіне өзгерістер енгізуді көздейді, ол бойынша екінші деңгейдегі банк ең аз резервтік талаптардың нормативтерін (бұдан әрі ЕРТ), резервтік активтерді, банктің ЕРТ нормативтерін орындау тетіктерін және есеп беру тәртібін орындауы тиіс.

Жаңа ережелер бойынша ЕРТ нормативтеріне жататын банк міндеттемелерінің құрылымына өтеу мерзімінен тыс банктің ішкі міндеттемелер сомасы және банктің өзге де міндеттемелер сомасы қосылады. Банктің ішкі міндеттемелері тізімі қатаң түрде айқындалған резиденттер алдындағы міндеттемелер сомасы ретінде айқындалады. Банктің өзге міндеттемелері банктің резидент еместер алдындағы және резиденттік белгісіне қарамастан борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің сомасы ретінде айқындалады. Бұл ретте ЕРТ нормативтері ішкі және өзге міндеттемелер үшін жеке белгіленген.

Осылайша, банктердің ЕРТ нормативтеріне кіретін ішкі міндеттемелері ЕРТ есептеудің қолданылып жүрген практикасымен салыстырғанда кемінде 2 есе, ал өзге міндеттемелер, қолданылып жүрген әдістемемен (сыртқы міндеттемелер мен сыртқы активтер сомалары арасындағы оң айырма) салыстырғанда 3,3 есе өседі.

Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Ең аз резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2006 жылғы № 39 қаулысымен екінші деңгейдегі банктер үшін ең аз резервтік талаптардың нормативтері банктің ішкі міндеттемелері үшін 6% мөлшерде және банктің өзге міндеттемелері үшін 8% мөлшерде белгіленді. Бұл ЕРТ сомасының 3 еседен астам көбеюіне әкеліп соқтырады. Бұл ретте банк жүйесінің өтімділігі едәуір қысқарғанмен, осы нормативтер банк секторының өтімділік деңгейін нашарлатпайды және оған қалыпты түрде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Осы қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ең аз резервтік талаптар туралы ережені бекіту туралы» 27.05.2006 жылғы № 38 қаулысы қолданысқа енгізілген күннен бастап, бірақ жаңа нормативтерді белгілеу туралы шешім қабылданнан кейін бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.